

## № 1 дәріс

### Тақырыбы: Жыраулық поэзияның даму жолдары

#### Негізгі сұрақтар:

1. Хандық дәуір әдебиеті тарихының даму бағыттары
2. Жыраулар поэзиясының көркемдік-идеялық ерекшеліктері

#### 1. Хандық дәуір әдебиеті тарихының даму бағыттары

Жыраулар поэзиясы – дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы. Көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауиннің айтуынша: «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды». Ол тағы бірде «XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды», дейді. Яғни, жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік классикалық шығармалар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз.

Жыраулар поэзиясының даму кезеңдері үш кезеңге бөліп қарастырылады:

- I кезең. (XI–XIV ғасырлар) жыраулық дәстүрдің негізі қаланған ілкі кезеңі. Кетбұға, Сыпыра жыраулардың, Қодан тайшының бізге жеткен мұралары;
- II кезең. (XV–XVI ғасырлар) жыраулық поэзияның қалыптасу кезеңі. Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың шығармашылығы;
- III кезең. (XVII–XVIII ғасырлар) жыраулық поэзияның неғұрлым кемелденген кезеңі. Жиёмбет, Тәтіқара, Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жыраулар шығармашылығы. Жыраулар поэзиясының жариялану, зерттелу жайы.

Жыраулар поэзиясы – қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи-мәдени құбылыс. Бірегей ұбылыс болатын себебі – дүние жұртының арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр-толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де, шығармалар да кезікпейді. Ал жыраулар поэзиясының өзімен дәуірлес өзге елдер әдебиетіндегі үлгілерден бөлек арна түзеп, өзіне ғана тән мазмұнмен және өзіне ғана тән пішінмен тарих сахнасына шығуының сыры оның қазақ топырағында тарихи оқиғалармен, тарихи жағдайлармен орайласа тууында жатыр. Жыраулар поэзиясының XV–XVIII ғасырларда қанат жая дамуының ең негізгі себебі – жыраулардың дербес елде өмір сүріп, өз елінің тағдырына, болашағына қатысты ойларын ашық айтуға мүмкіндік алуында жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, жырауларды өз елінің арман-аңсарын, мақсат-мұратын жырлаған, халқының өмір салтын, тірлік-тынысын боямасыз бейнелеген еркін ойлы шығармашылық иелері ретінде тану абзал.

Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру

жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қай-сарлығын жырлау ең өзекті мәселе болды. Жыраулар билеушілердің және адамдар жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүретін қоғам-ның мінсіз бейнелерін жасады. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады. Өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын толғады.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен ақындардың көпшілігі сарай маңында көрінеді. Мұндай сипатты Шығыс, Орта Азия елдерінің ақындары өмірінен де байқаймыз. XVII ғасырда патша сарайында ертекші, әңгімешілер ұстаған. Сөзі өтімді, халыққа беделді мұндай адамдарды ел билеушілер тірек етпеуі, өз маңында ұстамауы мүмкін емес еді.

Жырау – өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сырын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салып сынап, салмақтай білетін, болжағаны болып, айтқаны келетін тапқыр да көреген дана абызы. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, аса мәнді, көкейкесті мәселелер турасында толғанған. Халық қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіріп, ақыл қосатын асыл сөз иесі – жырауларды өзгелерге қарағанда аса қадір тұтқан.

Жыраулар әлеуметтік мәні зор, ірі, келелі мәселелерді жырласа, ақындар өмірмен қоян-қолтық, бетпе-бет келіп сан қилы тақырыпта өлеңдер шығарды. Бұл сипаттар Тәтіқара, Көтеш, Шал шығармаларынан, XIX ғасырдағы ақындар мұрасынан айқын аңғарылады.

Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар - халық поэзиясын жасаған ақылғөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан...

Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған ауыз әдебиеті деп аталды. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғаннан бастап (XV ғасыр) өріс алды. XV ғасырда Асан Қайғы, Казтуған жыраулар өмір сүрді.

Жырауларды халық, қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Жырау деген атау "жыр" сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған.

Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясының маңызы мен тақырыбы. Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? "Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, – дейді М.Әуезов, – ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе,

шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады". Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған.

Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол "Ескі ақындық" деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,  
Суырып салма жағы артық,  
Айтады олар ойланбай,  
Сыпыра жырау, Шортанбай,  
Үмбетей мен Марабай  
Алды-артына қарамай,  
Соққанда жырды суылдап,  
Жел жетпейтін құландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында "терең сыр" барын таниды. Олардың жырында "қыран құстың ұшқаны", "ақбөкеннің жүрісі", "жайдақ желдің желісі", "мөлдір кудың аққаны", "жел жетпейтін құландар жүйріктігі", "адам жанының жайма шуақ кезеңі" – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та "Батыр Баян" поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда  
Толқынды тұңғиық боп төгілді жыр, –  
деп аса қадірлеген. Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

## **2. Жыраулар поэзиясының көркемдік-идеялық ерекшеліктері**

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар елдік, ерлік, өмір, дін, заман хақында толғанған. Олар шығыс поэзиясы дәстүрімен өмірдің өтпелілігін жырлап, ізгілік пен инабатты дәріптеген. Заманының ойлы перзенті ретінде өмірдің сан алуан мәселелерін сарапқа салып, гуманистік тұрғыда философиялық-дидактикалық түйін-тұжырымдар жасап, жер-суды, атамекенді қорғау, ел бірлігін сақтау мәселелерін жырлаған.

Ақын, жыраулар мұрасында сол дәуірдегі талай тайпалар басынан өткен тарих іздері сайрап жатыр. Әр дәуірдің ірі, іргелі оқиғалары, көрнекті адамдары тарихи тұрғыда нақты, дәлдікпен көріне қоймаса да, жыраулар мен ақындардың өз басы жағдайлары, жыр жолдарында кездесетін адамдармен қарым-қатынасы, олардың сыртқы һәм ішкі бейнесінің кейбір көріністері, сол замандағы бірқатар оқиғалар хақындағы деректер анық байқалады. Мысалы, Асан қайғы жырламаса Жәнібек хан, Шалкиіз жырламаса Темір, Әзике, Мансұр билер, Махамбет жырламаса Жәңгір хан поэзия жолдарында қалмас еді. Мысалы, Тәтіқараның «Кеше тоқыраулы судың бойынан», Бұқардың «Ал, тілімді алмасаң» толғауларынан Абылай өмірінің кейбір деректерін, Үмбетейдің «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естіртуінен» қалмақ пен қазақ арасындағы шайқас көріністерін тани аламыз.

Ақын, жыраулар хан қасында болып, оның мәртебесі мен мерейін асыруға қаншама қызмет еткенмен, өмір шындығын жырлаудан ауытқи алмаған, реті келгенде хан мен бектің ұнамсыз қылық, ыңғайсыз істерін де ашық айтып, батыл әшкерелеп отырған. Замана шындығын, дәуір сырын бейнелеген жолдар ақын, жыраулар мұрасында аз емес. Мұндай реалистік элементтер «Қырында киік жайлаған», «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» сияқты Асан толғауларында, «Би Темірге айтқаны», Ақтамберді, Бұқар, Шалкиіз т.б. ақын, жыраулар мұраларында да мол.

Жыраулар шығармаларында ой-пікірлерін ашық айтып, әмірші, хандарды, сұлтандарды «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» қағидаттарын ұстанып сынап отырған. Жыраулар өздерінің сынында мемлекет мүдделерін жеке бас мүдделерінен жоғары қойған.

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерек-шеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық есті дүниелер қалдырды. Қазақ халқы сөз өнерін киелі санайды. «Сөз – сүйектен, таяқ еттен өтеді» дейді дана халқымыз.

Зерттеуші ғалым А.Егеубай жыраулар поэзиясының қазақ ұлтының рухани қалыптасуына жасаған ықпалы туралы: «Жыраулар толғаған адамшылық, имандылық, қаһармандық, жігерлілік һәм жайсаңдық жаңа қалыптаса бастаған қазақ ұлысының рухани келбетін кестелеуі тиіс еді. Солай болды да. Қазақ елінің ажары мен жан дүниесі сол шығармалардан танылды. Білім-білік, ақиқат, тіл, жаратылыс жайлы толғамдар да сол арнада желі тартты. Ежелгі түркі дүниесінің бар болмысы мен арман-мүддесі бір кезеңде қазақтың классикалық мәдениеті арқылы жаңғыра көрінді. Жыраулар дәуірінің ішкі мәніне үңілсек, төрт-бес ғасыр бойына тұтастай құбылыс ретінде дамыған әлеуетті әлеуметтік-көркемдік ұлы самғау бұрын-соңды болмаған еді. Ол поэзияда, елдік құрылыста, тұрмыста материалдық һәм рухани мәдениетте бірдей айқын мүсінделді», – дейді.

Жекелей шаңырақ тіктеп, хандық құрған қазақ халқы үшін XV-XVI ғасырларда ең басты мәселе – жаңа құрылған жас хандықты қорғау мен күшейту болды. Бүкіл қоғамдық ой-сана, елдің аңсары – ұлттық тұңғыш мемлекеттік сананы қалай да сақтап қалу-тұғын. Сол кезде елді жұмылдырып

бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын, барлық ру мен тайпаларды бір орталыққа қаратып, ішкі алауыздықты тыятын әрі сыртқы дұшпандарға тойтарыс бере алатын әмірші керек екенін жақсы түсінген жұрт мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек деген идеяны дәріптеді.

Халық арасындағы, қоғамдық санадағы осындай жоталы идея мен хандық идеяны барынша жақтап, елді соған үгіттеуге айрықша күш салған қайраткерлердің ішінде жыраулар мен би-шешендер өздерінің жалынды сөзімен де өрнегімен де ең басты рөл атқарды. Жыраулар – мемлекеттегі, әсіресе хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге барынша жәрдемдесіп отырды. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте де, ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, бағыт беріп, қамқорлық жасады. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғап, олардың намысын қайрап, рухын көтерген еді. Тіпті қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болып, тайпалар мен руларды да басқарды. Жыраулардың көбіне әрі суырып салма ақын, әрі батыр, әрі сәуегей болып келуінің басты себебі – сол тұстағы Қазақ хандығының өмір-салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болуына және ұдайы жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді. Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып – Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген утопиялық қоғамды да суреттеді.

Жыраулар поэзиясы – реалистік және романтикалық көркемдік әдістерді тел тоғыстырған әдеби құбылыс. Аталмыш екі әдістің жыраулар шығармашылығында өзара ұштаса көрініс табуының негізгі екі себебі бар. Оның бірі – өздерінің жыр-толғауларына арқау еткен мәселені жыраулардың өмірлік шындықтан алуы және сол шындықты халық көңіліне ұялайтындай мазмұнда шынайы жырлауға ұмтылуы болса, екінші себебі, – яғни романтикалық әдістің көрінуі, – жыраулардың шығармашылық ұстанымының халықтық арман-мұраттардан өріс алуында жатыр. Дәл осы романтикалық әдіске ден қоюшылық, әсіресе, қазақ жұртының дербес ел болуға бет түзеген кезеңінде өмір сүрген жыраулар поэзиясына етене болып келеді. Оның сыры өз билігін өз қолына алып, өзінің жаңа мемлекетін құруға ұмтылған халықтың романтикалық сезімге толы асқақ арманымен байланысты. Жалпы, мұндай жағдай жаңа өмір құруға ұмтылған кез келген халықтың тарихына тән көрініс болып келетіні белгілі. Осындай халықтық романтика жыраулар поэзиясына да әсер еткені анық. Осы орайда ескеру

абзал, романтикалық әдістің негізгі ерекшеліктерінің бірі суреттеген жәйтті я асқақтата, я құлдырата жеткізуі болып келеді. Нақтылай айтқанда, романтизмге бағдар ұстанған шығармашылық иесі абзал сезімдерді, игілікті іс-әрекеттерді асқақтата көрсетсе, соған керісінше, қайғылы жағдайды, келеңсіз мінез-құлықтарды, ұнамсыз жәйттерді мейлінше құлдырата ұсынатыны белгілі. Мысал үшін XV ғасыр жырауларының төмендегі жолдарына зейін салып көрелік. Ата жұрт – Еділдің суретін Қазтуған жырау былайша асқақтатса:

...Салп-салпыншақ анау үш өзен  
– Салуалы менің ордам қонған жер,  
Жабағылы жас тайлақ Жардай атан болған жер,  
Жатып қалған бір тоқты Жайылып мың қой болған жер;  
Жарлысы мен байы тең, Жары менен сайы тең,  
Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны бұзаудай...  
Қайран менің Еділім!.

Шалкиіз жырау толғауында Орманбет биден айырылған елдің қайғысы былайша бейнеленеді:

Орманбет би өлген күн – Он сан ноғай бүлген күн;  
Жез қарғылы құба арлан Жетіп түлкі ала алмай,  
Жалған аңын ала алмай, Қорашыл төбет болған күн;  
Оң қанатын теріс соғып, Лашын құс қу ала алмай қалған күн...

Дәуірлес қос жыраудың бірі Еділдің қайырлы қоныс ретіндегі қадірін, енді бірі Орманбет бидің қалың елдің тұтастығына сызат түсіруге жол бермеген қасиетін өмірлік реалиялардан асыра, романтикалық мәнерде бейнелесе, оның сыры ата жұрт – Еділ мен қабырғалы елді әділ төрелігіне ұйытқан Орманбет биді халықтың қастер тұта бағалауында жатыр. Ата жұрттан да, аталы сөз иесінен де айырылып, көңіліне алаң қонақтаған ел дербес хандық құрып, өз тізгінін өз қолына алған тұста көңіліне сенім ұялап, рухы асқақтай, мінезі айбындана танылады. Міне, ел көңіліндегі дәл осы ахуал жыраулар поэзиясынан айқын көрініс тапқан. Қазақ хандығының алғашқы дәуіріндегі жыраулардың жыр-толғауларында өр рух, асқақ сезімнің көл-көсір шалқып-тасып жатуының сыры – сонда. Демек, қазақ жырауларының поэзиясындағы романтика – көркемдік әдіс қана емес, сол дәуірдегі қазақ баласының қай- қайсына да тән болған асқақ рухтың көрінісі, қазақ баласының ішкі болмысындағы алуан-алуан сезім күйлерінің бейнеленуі, яғни жаңа мұраттар мен ұлы мақсаттарға ұмтылған елдің тұтастай өмірінде жетекші мән иеленген халықтық романтиканың поэзия тілімен сөйлеуі. Бұл тұрғыдан келгенде, жыраулар поэзиясы – қазақ баласының болмысына ежелден етене өр мінездің айнасы.

Дербес хандық құрып, мерейі тасыған елдің көңіл ауанына тән болған осы іспетті романтикалық өрлік XV-XVI ғасырларда жасаған жыраулар поэзиясында басымдық иеленсе, содан кейінгі дәуірлерде жыр туындатқан жырауларда реалистік бояу маңыз ала бастайды. Мәселен, XVII ғасырдағы жыраулар поэзиясының өзінде алдыңғы дәуірлерде жасаған жыраулар поэзиясына тән болған романтикалық бояу азая береді. Оның есесіне, өмірлік

шындықты тануға мүмкіндік беретін суреттер мен бейнелеу тәсілдері бел ала түседі. Мәселен, Жиёмбет жырау шығармаларынан оның өз өмірінің көріністерін танысақ, Марғасқа жырау сөзінен Есім хан мен Тұрсын ханға байланысты оқиғаларды, сол оқиғаларға себеп болған жағдайларды, соңғы шешімін аңдай аламыз. Аталмыш жыраулардың туындыларынан осы іспетті жәйттердің анық танылуының сыры олардың шығармашылығында реалистік әдістің жетекші орын алуына қатысты. Алғашында романтикалық әдіспен тоғыса көрінген реализм XVIII ғасырдағы жыраулар үшін негізгі көркемдік әдіске айналды. Бұл тұста тіпті дидактикалық жыр-толғаулардың өзінде реалистік бейнелер маңызды роль иеленді.

Мысалға жүгінелік: «Жақын жерден шөп жесе, Жердің сәнін кетіреді. Ағайынның аразы Елдің сәнін кетіреді. «Жақын жерден шөп жесе, Жердің сәнін кетіреді. Ағайынның аразы Елдің сәнін кетіреді. Абысынның аразы Ауыл сәнін кетіреді» (Бұқар жырау). Толғау ел мен жердің берекесі кетпеу үшін қандай әрекеттер мен қылықтардан аулақ болу қажеттігін өсиет ететін дидактикалық мазмұнға құрылған. Мақсат – тағылымды ой-идея ұсыну. Дегенмен, осы толғаудан романтикалық идеал бейнелер де, суреттеулер де ұшыраспайды, есесіне, кәдімгі өмір шындығына сүйенген ой түйіндері алға тартылған. Тіпті, жыртолғауларынан асқақ болмысы, романтикаға құштарлығы сезілетін Ақтамберді жыраудың өзі романтикалық идеал – армандарға бой алдырмайды. Оның романтикалық арманының өзі реалистік мұраттардан, сол мұраттарды бейнелейтін реалистік көріністерден жинақтала келіп, алға тартылады. Жыраудың романтикалық арманы бейнеленетін туындысы – «Күлдіркүлдір кісінетіп...» деп басталатын толғауы. Тұтастай алғанда көңілді романтикалық сезім күйлеріне бөлейтін осы толғауда өмірлік шындықтан алшақ кетіп, идеал арманнан алынған бірде-бір сурет, бірде-бір көрініс жоқ. Мәселен, төмендегі үзіндіні алып көрелік:

«...Пышақтан малым кетпесе, Қазаным оттан түспесе,

Ауылдан топыр үзілмей, Ошақтың оты өшпесе,

Май жемесе қонағым, Қан жемесе барағым,

Он кісіге жараса Бір кісіге арнап тартқан табағым!..» Байқалып тұрғандай, жыраудың арманы асқақ. Алайда бұл арманды өмірлік шындықтан алшақ жатыр деуге келмейді. Себебі – ел ішінде береке тұнып, ниет түзелсе, жырау арманының қай-қайсы да орындалуы әбден ықтимал. Ал бұл арманның идеал өмір секілді сезілуінің өзі өмірлік шындықтан туып жатыр.

Бұл тұстағы өмірлік шындық – қарама-қайшылықтарға толы адам болмысы. Ал XVII-XVIII ғасырлар – Қазақ хандығының іргесі бекіп, тіршілік ету кеңістігі, яғни мемлекеттік территориясы біршама тұрақтала айқындалған дәуір. Осыған орай, қазақ жерінде қоғамдық-әлеуметтік қарым- қатынастар жүйесін тиянақтай орнықтыруға ұмтылыс басталды. Бұл жағдай қазақ қоғамының қандай сипатта өркендеуі қажеттігін белгілеуді талап етті. Осы қажеттілік сол уақыттағы қазақ қоғамының жай-күйін нақтылай тануға себепкер болды. Сол дәуірдегі ел көсемдері, яғни ел тізгінін ұстағандар мен жалпы қоғамдық санаға ықпал ете алатын күштер өз тұсындағы әлеуметтің

тірлік-тынысын зерделей танып, сол негізде қазақ қоғамын нығ айтуға жол ашатын әрекеттер жасау қажеттілігін іштей сезінгені және сол бағытта әрқайсысы қал-қадерінше әрекеттер жасағаны анық. Ал хандық дәуірдегі қазақ қоғамының санасына аса ықпалды күштер жыраулар мен би-шешендер болғаны және олардың өз қабілеті мен мүмкіндігін өз елін өркендетуге жұмсағаны даусыз. Ел тірлігін, қоғам тынысын нақтылай тануға ұмтылыс өмір шындығына үңілуге бастамақ. Ал жыраулар шығармашылық әрекет иелері болғандықтан, олар өздерінің танып-таразылаған жәйттерін жыр-толғауларында бейнелейтіні түсінікті. Осы дәуірдегі жыраулар поэзиясында реализмнің басымдық танытуының себебі де сондықтан. Бұл тұрғыдан келгенде, XVII-XVIII ғ асырлардағы қазақ жыраулары – өмір шындығына бағдар ұстанған шығармашылық тұлғалар, әрі сол шындық негізінде қоғамды жетілдіруге қызмет еткен ойшыл қайраткерлер. Мәселен, Бұқар жырау:

«...Ер жігіттің қадірін Ағайын білмес, жат білер.

Қойға қошқар құт болса, Қозы құрттан өлмейді.

Қой бітерде қотаншы ит Бөріге қой бермейді.

Ауылда адам бар болса, Ауыл ала болмайды.

Ел иесі құт болса, Халқы ала болмайды...» Осы мәтінде жырау айтып тұрған жәйттің бәрі – өмір шындығы. Жыраудың сол шындықты көрсетудегі мақсаты – елге құт қонақ тату. Ал елге құт дару үшін ел ішінде алауыздық болмау керек, алауыздық болмау үшін ел иесі әділ болуы керек. Толғаудан танылған осы сипаттарды ескерсек және күнделікті өмірінде жыраудың өзі сол мақсатқа қызмет қылғанын ойға алсақ, сондай-ақ, бұл қасиеттің жалғыз Бұқарға ғана емес, барша қазақ жырауларына тән болғанын ойда ұстасақ, жыраулардың сөзі мен ісі бір. Бұл тұрғыдан келгенде, XVII-XVIII ғ асырлардағы қазақ жыраулары – өмір шындығына бағдар ұстанған шығармашылық тұлғалар, әрі сол шындық негізінде қоғамды жетілдіруге қызмет еткен ойшыл қайраткерлер.

Шығармашылық әрекетінде, азаматтық әрекетінде халықтық мұратқа қызмет етуді көздеген жыраулардың осы мақсат жолындағы басты құралы жыр-толғаулар болса, ықпалды әдеби тәсілдерінің бірі дидактика болды. Жыраулар дидактикасынан ел болу, өмір мәні, адам жаратылысы, замана жайы тәрізді сан қилы мәселелерге арналған жүлге-жүлге ой-идеяларды молынан ұшырастыруға болады және бұл идеялар түрлі дәуірлерде әлеумет түсінігін ел айықтала жаңғырып, жаңара көрініп отырады. Мәселен, жыраулар жиі назар аударатын адам болмысындағы қасиеттердің бірі – жақсылықпен жамандық жайы болса, бұл мәселе XVI ғасырдағы Шалкиіз толғауында:

«Жақсының жақсылығы сол болар

– Жаманменен бас қосып, Сөйлемекке ар етер;

Жаманның жамандығы сол болар – Сөйлесе дәйім бетін қара етер...» – деген мазмұнда жырланса, XVIII ғасыр жырауы Ақтамберді осы мәселені: «...Білімді туған жақсылар Азда болса, көппен тең.

Жақсысы кеткен ауылдың Артынан жақсы шықпаса,



Өртеніп кеткен жермен тең...» – деп толғайды. Қос жыраудың айтар ойы үндес болсада, көркемдік мақсатта айырмашылық бар. Оның себебі жыраулар өмір сүрген дәуірдегі әлеуметтің таным-түсінігінен туындап жатыр. Жыраулар поэзиясы өз дәуіріндегі ел өмірінің көркем бейнесі болып табылатынын жыр-толғауларда суреттелетін кейіпкерлер мен қаһармандардың іс-әрекеттері, мінез-құлықтарыда айқын танытады. Мәселен, XV ғасырдағы Асан қайғының:

«...Арасынан қытай, орыстың Қорғансап, тыныш жатырсың,

Өзің – Жәнібек, елден асқан батырсың!

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр, Желмай мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір...» – деп келетін толғау жолдарынан өз батырлығына сенген Жәнібек ханның қытай мен орыстан төнуі ықтимал қатерді аңдамай, бір сәт қамсыздыққа бой алдырғанын, оның бұл қылығы ел көңіліне алаң кіргізгенін көрсек, XVII ғасырдағы Жиёмбет жырлары Есімхан тұсында ел арасында берік тәртіп орныққанын аңдатады. Ал Ақтамберді, Үмбетей, Бұқарлардың жыр-толғауларынан XVIII ғасырдағы ел өмірінің түрлі көріністері мен қатар, жекелеген адамдардың ұнамды-ұнамсыз іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын көреміз және сол әрекеттердің арғы астарына дендей көз салар болсақ, ел тірлігіндегі жақсылы-жаманды оқиғаларды, әртүрлі әлеуметтік қарым-қатынастарды аңғарамыз. Ал жыраулар поэзиясында ел өмірінің алуан мазмұнда көрініс табуы және солардың бәрінде береке-бірлікті ұлағат етуге бағдар ұсталуы – жыраулардың өз дәуіріндегі өмір шындығын алға тарта отырып, елді жақсылыққа бастауды мақсат тұтқан және сол мақсат жолында қызмет қылған қайраткер тұлғалар болғандығының айқын айғағы.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Хандық дәуір әдебиетінің даму кезеңдері
2. Хандық дәуір әдебиетінде көтерілген негізгі тақырыптар
3. Жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік ізденістері
4. Жырау сөзінің мәні
5. Жыраулар поэзиясындағы романтикалық өршіл сипат